

## Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 19 сәуірдегі N 2956. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.08.02. N 917 жарлығымен. ~ U020917

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының Z952733\_16-бабының 2)-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп

комитеті туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлық күшіне енген күннен бастап екі апта мерзімде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қызметін материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданатын болсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1996 жылғы 19 сәуірдегі

N 2956 Жарлығына қосымша

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау

жөніндегі есеп комитеті туралы

Ереже

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ( бұдан былай - Есеп комитеті) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

2. Есеп комитетінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің

жарлықтарымен және өкімдерімен, сондай-ақ осы Ережемен айқындалады.

Есеп комитеті дербес балансы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнелеген мөрі және өзінің атауы бар заңды тұлға болып табылады. Есеп комитеті Қазақстан Республикасының астанасында орналасады.

3. Есеп комитетінің құрамы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 7)-тармақшасына, 57-бабының 1)-тармақшасына және 66-бабының 9)-тармақшасына сәйкес жасақталады.

Есеп комитетінің қызметін қамтамасыз ету үшін оның хатшылығы құрылады.

Есеп комитетінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Есеп комитетінің құрылымы мен еңбекке ақы төлеу қорын, сондай-ақ оның хатшылығы қызметкерлерінің санын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

4. Есеп комитетінің негізгі міндеттері мен функциялары мыналар болып табылады:

1) республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылау;

2) республикалық бюджеттің атқарылуына байланысты мәселелер жөнінде Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау;

3) қаражаттың республикалық бюджетке толық түсуін және оларды пайдаланудың заңдылығын бақылау;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, Үкімет бағдарламаларының орындалуына және мемлекеттік қажеттіктерді қаржыландыруға бөлінетін республикалық бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылау;

5) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасы Парламентінің бекітуіне ұсыну.

5. Есеп комитетінің төрағасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің жұмысы туралы Қазақстан Республикасының Президентін тоқсанына кемінде бір рет хабардар етіп отырады.

6. Есеп комитеті өз міндеттері мен функцияларын атқарған кезде:

1) қаражаттың республикалық бюджетке толық түсуі мен пайдаланылуына қатысты мәселелер жөнінде мемлекеттік органдар мен меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдарға тексеру мен тексерісті жүзеге асыруға;

2) Үкіметтен, өзге де мемлекеттік органдар мен меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдардан қаражаттың республикалық бюджетке толық түсуі мен пайдаланылуына қатысты мәселелер жөнінде қажетті құжаттама мен ақпаратты сұратуға және алуға;

3) банктер мен өзге де кредит мекемелерінен республикалық бюджет қаражатының келіп түсуі мен пайдаланылуы бөлігінде тексерілетін объектілердің операциялары мен шоттарының жай-күйі туралы қажетті мәліметтер алуға;

4) тексерулер мен тексерістерді жүргізуге республиканың мемлекеттік органдары мен ұйымдарының тиісті мамандарын тартуға;

5) республикалық бюджеттің атқарылуы мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдарының есептерін тындауға;

6) Есеп комитеті анықтаған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдарының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы заң және нормативтік құқықтық актілердің талаптарынан ауытқу деректері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынымдар енгізуге;

7) лауазымды адамдардың бюджет қаражатын пайдаланудағы іс-әрекеттерінде қылмыс белгілері, заңды бұзудың өзге де фактілері анықталған жағдайларда тексерулер мен тексерістердің материалдарын құқық қорғау органдарына беруге құқылы.

7. Есеп комитетін Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайтын Төраға басқарады. Есеп комитетінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босата алады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты немесе Үкіметінің мүшесі Есеп комитетінің Төрағасы бола алмайды.

8. Есеп комитетінің Төрағасы:

1) Есеп комитетінің қызметіне басшылық етеді, Есеп комитетіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауапты болады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындайды;

3) Есеп комитетінің мүшелері мен қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөледі;

4) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, Есеп комитетінің отырыстарында қабылданған қаулылар мен өзге де актілерге қол қояды;

5) белгіленген құрылымына, санына және еңбекке ақы төлеу қорына сәйкес республикалық бюджетте оны қамту үшін көзделген қаражат шегінде Есеп комитетінің штат кестесін, шығыстар сметасын бекітеді;

6) Есеп комитеті хатшылығының қызметкерлерін қызметке тағайындап, қызметтен босатады;

7) қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда Есеп комитетінің атынан өкілдік етеді;

8) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелерінің:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары мен олардың комитеттерінің, Үкіметтің, Ұлттық Банк басқармасының отырыстары мен мемлекеттік органдардың алқаларына қатысуға;

2) жасырын сақтау режимін, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны сақтауды ескере отырып, тексеру немесе тексеріс мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, лауазымды адамдардан тексерулер мен тексерістерді жүргізуге байланысты мәселелер жөнінде қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге және өздері белгіленген мерзімде алуға құқығы бар.

10. Өз өкілеттігін іске асыру үшін Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелері мына актілерді қабылдауға хақылы:

1) Есеп комитетінің жұмысы жайында Қазақстан Республикасының Президентіне тоқсан сайын берілетін ақпарат;

2) республикалық бюджеттің атқарылуы жайында Қазақстан Республикасының Парламентіне берілетін жылдық есеп. Есеп комитетінің жылдық есебі өзінің мазмұны мен сипаты бойынша Үкіметтің есебі жөніндегі қорытынды болып табылады;

3) тексерулердің нәтижелері бойынша қорытынды;

4) тексеріс актісі;

5) республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі жұмыстағы кемшіліктерді жою жөнінде мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға табыс етілетін ұсыным; қылмыстық және мүліктік жауапкершілікке тарту мәселелері жөнінде құқық қорғау органдары мен соттарға табыс етілетін ұсыным;

6) олар қабылдаған шешімдерді жою немесе олардың күшін тоқтата тұру, сондай-ақ лауазымды адамдардың республикалық бюджет қаражатының келіп түсуі мен жұмсалу мәселелеріне қатысты Есеп комитетінің тапсырмаларын атқаруы жөнінде мемлекеттік органдар мен меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдардың лауазымды адамдарына табыс етілетін ұйғарым;

7) Есеп комитетінің барлық басқа актілерінің күшін растайтын қаулы.

Барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар Есеп комитетінің қаулысында баяндалған, өздеріне арналған талаптарды орындауға және басшылыққа алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысына, Парламенті мен Премьер-министріне арнап жіберілген Есеп комитеті қаулыларының ұсыныстық және ақпараттық сипаты болады.

Есеп комитетінің қаулылары құқық қорғау органдарына арналып, олардың лауазымды адамдардың іс-әрекеттерінде қылмыс құрамының бар болуы немесе жоқтығы жайындағы мәселені шешуі үшін жіберілуі мүмкін.

11. Есеп комитетінің қаулысы оның отырыстарында дауыс беру жолымен қабылданады. Есеп комитетінің қаулысы, егер Есеп комитетінің отырысына қатысқан мүшелерінің жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда есеп комитеті Төрағасының даусы шешуші болып табылады. Есеп комитетінің қаулысы оған Төраға қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

Есеп комитетінің жұмысы жайындағы тоқсан сайынғы ақпаратты және республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі жылдық есепті қарау кезінде Есеп комитеті мүшелерінің кемінде үштен екісі бар болған жағдайда Есеп комитетінің отырысы құқылы.

Есеп комитетінің Төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттері Есеп комитеті мүшелерінің біріне Есеп комитетінің Төрағасы берген өкілеттіктер көлемінде жүктеледі.

12. Есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелерінің:

1) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруын, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін басқа да лауазымдарды атқаруына болмайды;

2) олар өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде заң талаптарын сақтауға, тексерілетін объектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергілер туғызбауға және олардың ағымдағы шаруашылығы қызметіне араласпауға міндетті;

3) жүргізілген тексерулер нәтижелерінің бұрмаланғаны үшін жауап береді;

4) мемлекеттік органдарға табыс етілетін және жарияланатын ақпараттың растығы, құпияны жария еткені, сондай-ақ өздерінің құқыққа қарсы іс-әрекеттерімен келтірілген моральдық және материалдық залал үшін жауап береді.

13. Орталық атқарушы, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Есеп комитетінің мүшелері мен қызметкерлеріне оларға жүктелген міндеттерді атқаруда жан-жақты жәрдем жасауға, тексерулер мен тексерістерді жүргізуде оларға қажетті көмек көрсетуге міндетті.

Тексерулердің, тексерістердің жүргізілуіне нендей де болсын кедергі келтіретін және Есеп комитетінің мүшелері мен қызметкерлерінің жұмысы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеген лауазымды адамдар заңда белгіленген тәртіппен жауап береді.

14. Есеп комитеті Төрағасының лауазымды материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз ету, көлік қызметін көрсету жағдайлар бойынша республика министрінің лауазымына, ал Есеп комитеті мүшелерінің лауазымдары министрдің орынбасары лауазымына теңестіріледі.

Есеп комитетінің қызметін материалдық қамтамасыз етуді Қазақстан

Республикасы Президентінің Іс Басқармасы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК